

"Жеке қосалқы шаруашылық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 31 желтоқсандағы N 1331 Қаулысы
Ескерту. Заңның жобасы Қазақстан Республикасының Парламентінен кері қайтарып алынды - ҚР Үкіметінің 2009.06.23 N 964 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
"Жеке қосалқы шаруашылық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі
Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы "Жеке қосалқы шаруашылық туралы"

Осы Заң жеке қосалқы шаруашылықтар қызметінің құқықтық, ұйымдастырушылық және экономикалық негіздерін, олардың қызметін мемлекеттік реттеу мен қолдаудың қағидаттары мен тетіктерін айқындайды.

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

- 1) жеке қосалқы шаруашылық - ауылдық жерде және қала маңындағы аймақта орналасқан жер учаскесінде өз мұқтаждарын қанағаттандыруға арналған қызмет түрі;
- 2) мәдени (жасанды) жайылым - екпе шөп егілген жер алқаптары (жайылым);
- 3) суландырылған жайылым - аумағында тиісті мал басын сапасы тиісінше сумен қамтамасыз ете алатын су көздері (көл, өзен, тоған, апан-шұңқыр, суарма немесе суландыру каналдары, құбырлы немесе шахталық құдықтар) бар жайылым;
- 4) жануарлар - ауыл шаруашылық өндірісіне тікелей қатысы бар, адамдардың асырауындағы ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарының барлық түрі.

2-бап. Қазақстан Республикасының жеке қосалқы шаруашылық туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының жеке қосалқы шаруашылық туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттардың ережелері қолданылады.

3-бап. Жергілікті өкілді органдардың жеке қосалқы шаруашылықты дамыту саласындағы құзыреті

Жергілікті өкілді органдар:

- 1) елді мекендер шегінде жеке қосалқы шаруашылықтарда мал ұстау нормативтерін реттейді;
- 2) жеке қосалқы шаруашылықтарды дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітеді;
- 3) ауылдық елді мекендерде ауыл шаруашылығы малын ұстау мен жаю ережесін анықтайды;

4-бап. Жергілікті аудандық атқарушы органдардың жеке қосалқы шаруашылықтарды дамыту саласындағы құзыреті

Жергілікті атқарушы органдар:

- 1) елді мекендер жерлерінде ауыл шаруашылығы малын жаюды реттейді;
- 2) жеке қосалқы шаруашылық жүргізуші азаматтарды мәдени және суландырылған жайылымдар мен мал суаратын алаңдар мен құдықтар жасау жөніндегі жұмыстарға тартуды ұйымдастырады;
- 3) жеке қосалқы шаруашылық жүргізуші азаматтарды елді мекендер жерлерінде ирригациялық жүйелерді тиісті техникалық жағдайда ұстау жөніндегі жұмыстарға тартуды ұйымдастырады;
- 4) елді мекен жерлерін санитарлық тазарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;
- 5) жеке қосалқы шаруашылықтарды дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді және іске асырады;
- 6) ветеринария саласындағы заңнамаға сәйкес жеке қосалқы шаруашылықтарда ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіруді ұйымдастырады;
- 7) ауыл (село), кенттің, ауылдық (селолық) округтер әкімдерінің шаруашылық кітаптарында тіркеу жазбаларын жүргізуін ұйымдастырады;
- 8) жеке қосалқы шаруашылық жүргізуші азаматтарды олардың қызметін дамыту мәселелері бойынша оқытуды ұйымдастырады.

5-бап. Жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін азаматтарға берілетін жер учаскелерінің шекті мөлшері және онда мал ұстаудың нормативтері

1. Азаматтарға жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін берілетін жер учаскелерінің шекті мөлшері жер заңнамасына сәйкес айқындалады.
2. Жеке қосалқы шаруашылықтарда, елді мекен шекарасында жануарларды ұстау нормативтерін елді мекеннің мұқтажына арнап бөлінген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге, қолданыстағы ветеринарлық-санитарлық нормаларды және мал жүктемесінің нормативтерін ескере отырып, жергілікті өкілді органдар реттейді.

6-бап. Азаматтардың жеке қосалқы шаруашылық жүргізуге құқығы

1. Жеке қосалқы шаруашылық жүргізу құқығына ауыл шаруашылығы мақсатындағы елді мекендердің және босалқы жерден жеке меншік құқығына немесе жер пайдалану құқығына сай заңдастырылып берілген жер учаскесі бар азаматтар ие

б о л а д ы .

2. Азаматтардың жеке қосалқы шаруашылық жүргізуге құқығы Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес осы баптың 1-тармағында көрсетілген жер учаскелеріне құқық белгілейтін құжаттардың негізінде туындайды.

3. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар жеке қосалқы шаруашылықты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда жүргізе алады.

7-бап. Жеке қосалқы шаруашылық жүргізуші азаматтардың құқықтары мен міндеттері

1. Жеке қосалқы шаруашылық жүргізуші азаматтардың мыналарға құқығы бар:

1) елді мекенге жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін бөлінген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалануға;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен кооперативтер, қоғамдық бірлестіктер, қауымдастықтар құруға, сондай-ақ жеке қосалқы шаруашылықтардың қызметі мен жұмыс істеуінің ортақ мәселелерін бірлесіп шешу мақсатында олардың құрамына к і р у г е ;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен малдар мен адамның денсаулығы үшін аса қауіпті болып табылатын мал өнімдері мен шикізатты алып қою мен оларды жою салдарынан оларға келтірілген нұқсанның орнын толтыруға ;

4) елді мекеннің жоспарлау жобасына сәйкес жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін қажетті тұрғын үй және шаруашылық құрылыстары мен ғимараттарын салуға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де құқықтарды п а й д а л а н у ғ а .

2. Жеке қосалқы шаруашылық жүргізуші азаматтар мыналарға міндетті:

1) мал ұстаудың белгіленген нормативтері мен ережелерін қатаң сақтауға;

2) ветеринария заңнамасына сәйкес жануарлардың сәйкестендірілуін қамтамасыз етуге, ветеринарлық іс-шаралар жүргізу үшін қажетті жағдайлар жасауға;

3) мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда жеке қосалқы шаруашылық туралы ақпарат беріп отыруға;

4) елді мекенге бөлінген және жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін пайдаланылатын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің құнарлылығы мен өнімділігін қалпына келтіруге қатысуға;

5) өз қызметінің нәтижесінде экологиялық ахуалдың нашарлауына жол бермеуге;

6) мал союды ауыл шаруашылық малдарын сою бойынша ұйымдастырылған арнайы алаңдарда өткізуді қамтамасыз етуге;

7) мал шаруашылығын дамытуды қолдау бағдарламалары бойынша сатып алынатын малдардың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етуге;

8) Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген өзге де міндеттерді алуға.

8-бап. Жеке қосалқы шаруашылықтарды есепке алу

Жеке қосалқы шаруашылықтарды есепке алу жергілікті атқарушы органдардың шаруашылық кітаптарында жүзеге асырылады.

9-бап. Өзіндік қосалқы шаруашылықты жүргізуді тоқтату

Өзіндік қосалқы шаруашылықтардың қызметін тоқтату, өзіндік қосалқы шаруашылық жүргізілетін жер учаскесіне азаматтың құқығы тоқтатылған кезден басталады.

10-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті